

Рух символы

Оңайгүл Тұржан,

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана қаласы.*

Ғаламның бар болу заңдылығы тербеліс арқылы мүмкін болып тұр дейді ғалымдар. Көзге ілінбес атомдардан бастап алып тауларға дейін мәңгілік қозғалыста. Сол қозғалыс арқылы ғаламдық айналыстағының бәрі де өзіндік энергетикаға ие болады екен. Ал құпиясына бір Алла болмаса, пенде бойлап бара алмайтын Адам баласының энергетикасы туралы зерттеген ғалымдарды сөйлетсеңіз, адам дегеніміз – био-энерго-ақпараттық мән. Бірақ оның бұл қасиеті әр адамда әртүрлі деңгейде болып, белсенділігі жағынан да түрліше ықпалда болатындығын жобалап болса да білетін сияқтымыз. Жобалап болса да білуімізге мүмкіндік беріп тұрған – арғы-бергі тарихымызда өмір сүрген санаулы-санаулы заңғар тұлғаларымыздан бізге жеткен мұралар және солар туралы ел санатында сақталған ақпараттар. Сондай тұлғаларымыздың бірегей-дарасы – заманды заман жұтып көшкенде де әулиелігімен таңғалдырып, шартараптағы пенде біткеннің бәрін өзіне асықтырып қойған Бекет әулие.

Генетик ғалымдарымыздың адамға «био-энерго-ақпараттық мән» деп анықтама беруіне себепші болған да Бекет әулие сияқты елден ерек тұлғалар болса керек. Мұндай адамдардың басқа пенделердің жасаған кәсібін жасамай, өз алдына бөлекше ұстанымда болатындығының өзі де Жаратушы иеміздің олардың бойына берген айрықша дарынының ықпалы екендігінде дау жоқ.

Бір өзі бір-бірінен кемі 200-ден 1000 шақырымға дейінгі қашықтықтарға 5 жерден (кейбір деректерде 6 жерден) мешіт салдырған адамды арғы-бергі тарихтан кездестіру екіталай. Біздің нақты білетініміз ондай адам – Бекет әулие.

Бекет әулиенің Қазақстанның батыс аймағының 5 жерінен осы мешіттерді салуының мәнін қысқаша ғана түсіндіріп те кетуге болады, яғни, қыста анау мешітте, жазда мынау мешітте тұрған немесе Хиуаға әлде Бұхараға баратын жолда тоқтайтын мешіті екен, осы мешіттерде бала оқытқан деген сияқты. Бірақ Бекет ата тәрізді әулие адамдардың әрбір ісінің

терең мағынасы мен аса қалың астары бар екендігін естен шығармауымыз керек. Осы тұрғыдан алып Бекет әулиенің әр жерден мешіт салуының мәніне кеңірек қарап, оны қазіргі ғылымның кең ауқымды атмосферасының өлшемімен өлшеп (оған өреміз жетсе), баға беру парыз. Солай зерттеп, солай баға бергенде ғана Бекет әулиені әлемдік деңгейдегі шын мәнісіндегі тарихи Әулие Адам деңгейіне көтере аламыз. Бекет әулие туралы жазу және оны зерттеу оп-оңай біте қалатындай да шаруа емес. Бұл ғұлама білім алып, кейін өзі бала оқыта жүріп, адам таңғаларлық істерді атқарып, қасиетімен тарихта қалған тұлға болғандықтан, оның сол қасиеттерінің әрқайсысының астарына үңіліп, жоғарыда айтылған био-энерго-ақпараттық тұрғысынан іргелі зерттеулер жазуды біздің генетик-психолог ғалымдарымыз, адамтану ғылымның білгірлері зерттеп, ой айтуы тиіс.

Былай қарағанда, жай қарапайым ғана молда үшін бір мешіттің өзі де жеткілікті емес пе. Бала оқытып отырса, анда-мында көше бермей-ақ, сол бір отырған жерінде отыра бермей ме?! Ал Бекет әулиеге тыным бермеген қандай күш екен? Мәселеге осы тұрғадан келсек, алдымен сол мешіттің, яғни, Аллаға мінәжат ететін орданың болуының мәні неде екен деп те ойланып көруге болады. Әрине, мұны да Аллаға құлшылық ететін, бір жерге жиналатын орын керек болғандықтан деп те қысқа қайыра салуға болады, әрі қысқа әрі жұрттың бәріне түсінікті. Бірақ бұл қысқа қайырым Бекет әулиенің бес жерден мешіт салуының мәніне үңілуге көмегі тимейді.

Біріншіден, мешітте оқылатын дұғаның мәніне ғылыми көзқараспен қарайтын болсақ, қазіргі ғылымның тілімен айтқанда, дұға – Алла тағаладан жететін рухани энергияны тербеліске айналдыратын кодтық механизм. Ал мешіт – Алла тағаладан келетін сол энергияны жинақтаушы, сақтап тұрушы, яғни, энергетикалық қор. Осы энергетикалық қор тұрғысынан алып қарайтын болсақ, Бекет әулие бес жерден мешіт салу арқылы сол энергетикалық қордың мол болып, адамдарға жан-жақтан ықпал ету күшін арттырудың амалын іздестірген сияқты (ақиқатын бір Алла біледі).

Оның үстіне картаға қарап отырып, осы мешіттердің орналасу нүктелеріне зер салсақ және сол мешіттердің арасында жүрген Бекет әулиенің ізін сызықпен белгілей жүріп өтсек, бір үлкен, бір кішкентай екі үш бұрыш шығады. Бұл жөнінде зерттеуші Б.А.Абдирахманов «Ата мешіттері кездейсоқ салынбай, Перудегі Наска кесінділері сияқты үлкен заңдылықпен салынған» дей келіп, осы мәселені зерттей түсу қажеттігіне назар аударады. (2. II-Халықаралық «Каспий-Арал өңірінің тарихи-мәдени мұралары» ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Ақтау, 2010, 180

б.). Шын мәнісінде Бекет әулиенің мешіттерін инженерлік-құрылыс тұрғысынан да, атмосфералық-акустикалық сапасы жағынан да, географиялық-астрономиялық бағытта да зерттеудің талай сырды ашарына күмән жоқ.

Ал Бекет әулие мешіттерінің қос үшбұрыш жасай орналасу себебінің мәніне кереметтей бір тереңдеп бара алмасақ та, өз бөреміз жеткен тұстан айтатын болсақ, үшбұрыш дегеніміз ежелгі арабтарда адамның рухани еркіндігін, сезімталдығын және асқан ақыл иесі екендігін білдіретін символ (О.В.Вовк. «Энциклопедия знаков и символов», изд. «Вече», 2006.). Ал төбелері бір нүктеге орналасып, бір-бірімен қиылысып жатқан екі үшбұрыш мәңгілік айналыстағы ғаламдық қозғалысты білдіреді, ал жалпы көне шығыстық ұғымда ол – тұмар, мойныңа тағып жүрсең, жын-шайтанды қуатын, пәле-жаладан сақтаушы қуат көзі. Міне, Бекет атаның басқа қасиеттерін айтпағанның өзінде, мешіттерінің орналасу тәртібінде де осындай терең астар жатқан сияқты. Бекет әулиенің Байшағырдағы (Баялы) мешітін төбелік ортақ нүкте етіп алғанда Байшағыр-Ақмешіт-Тобықты және Байшағыр-Оғыланды-Бейнеу үшбұрыштары шығады (картада). Бекет әулие «үшбұрыш» символын бекер таңдамаған сияқты. Ол осы үшбұрыштың энергия жинақтаушылық қуатын пайдаланған деуге негіз бар (ақиқатын бір Алла біледі). Ол кісі мешіттерді орналастырғанда әлемдік ғылымның теориялары мен жаратылыстың Алланың әмірімен болатын табиғи-энергетикалық заңдылықтарын басшылыққа алып, қоғамдық дамуға өзіндік үлес қосуға ұмтылған.

Жаратушы иеміздің Бекет әулиені ерекше миссия үшін жаратқандығына шәк келтіре алмаймыз. Бекет әулие Алла тағаланың алдындағы сол міндетін атқару үшін қызмет етті. Ал оның бес мешіті осы өңірдің Алла тағаладан келетін ерекше энергияны жинақтап тұратын энергия көздері дей аламыз (ақиқатын Алла біледі). Сол энергияны ала білетіндер де, яғни, Алла тағаладан келетін ерекше қуат-күшті сезіне алатындар да айрықша талантты адамдар. Айрықша схеманы сезіне алатындар. Энергияны қабылдаудың өзіндік заңдылықтары да бар сияқты, ол ең алдымен – адам баласының ішкі-сыртқы тазалығы, энергияның келетін жолының таза, ашық болуы. Оны да мүмкін ететін адам бойындағы мейірімділік, жүрек түбінің мөлдірлігі. Қай заманның адамтану ғылымына көзсалсаңыз да әрбір адам өзіне өзі ерекше ілтипатпен қарауы тиіс дегенді меңзейді. Ілтипатпен қараудың бір парасы – Алла тағаланың сені осы жарық дүниеге жаратқанда саған артқан парызына деген өз жауапкершілігіңді сезіну. Жарық дүниеге Сені жарату үшін қаншама күрес болғанын қайсымыз біліп жатырмыз. Анаң

мен атаңның бойындағы молекулалардың өзара әрекеті, одан кейінгі сол мыңдаған молекулалар мен миллиондаған атомдардың ішінде өзара қырғын күрес болатыны, солардың ішіндегі жеңіске жетіп, тірі қалған екеуін жұптастыру арқылы Алла тағала оларға қуат беріп, жарық дүниеге Сені алып шығатыны жөнінде генетикалық-медицина ғылымы том-том кітап жазған. Ерекше ілтипатпен, асқан жауапкершілікпен қарау керектігін біз ислам дінінің қағидаттарынан да тереңдеп оқыдық. Ұғынғанымыз – адамға берілген ішкі дүние де, сыртқы пішін де қарызға берілген. Ол – Алла тағаланың сізге уақытша беріп қойған аманаты. Лас үйде тұрған адамның көңіл күйі қандай, таза үйде тұратын адамның көңіл-күйі қандай? Біздің денеміз де – біздің жандүниеміздің үйі. Демек, адам алдымен жандүниесін таза ұстауы, ластана қалған жағдайда дұғалар арқылы тазалануы және өзінің Алла тағала берген денесін де тап-таза ұстауы парыз етілген. Осының бәрі адамның өзін өзі құрметтеуінің басты көрсеткіштері. Өзінді өзің құрметтеуден адамның басқаларға деген құрметі де оянып, оның жүрек түкіпірінде ізгілік оянады. Бекет әулие Алла тағаладан келген осы пәрмендерді халыққа танытып, таратушы және насихаттаушы тұлға. Сол қызметті атқаруына мүмкіндік туғызу үшін Жаратушы иеміз оған ерекше қасиет берген дей аламыз (ақиқаты бір Аллаға аян).


Ғаламдық дамуда қарапайым нәрсе жоқ, ол қабат-қабат және таңғажайып, сол таңғажайыптардың ішіндегі аса күрделісі – адам. Кеңістікте бәрі шашылып, әрқайсысы әр тұста жатқан сияқтанғанымен, яғни, жұлдыздар аспанда, адам жерде, адамның санасы көзге көрілмейтін өзіндік кеңістікте болғанымен, олардың арасындағы шым-шытырық байланыстардың болатындығын талай ғұлама айтып кетті. Сол нәзік те аса күрделі байланыстардың арқасында ғалам мен адам бір-бірінен адасып қалмай, бытырап кетпей, тұтастықта тұр. Сол тұтастықты сезіне алу мүмкіндігі Бекет ата сияқты бірегейлердің маңдайына жазылған. Және сол адамдар басқаларға көзге көрілетін әлемнен басқа да ғаламның бар екендігін түсіндірушілер және дәлелдеушілер.

Біз көзімізге көрілмей тұрған байланыстың барлығын да құпия байланыстар деп атаймыз. Бекет әулие – ғаламшарлық байланыстар мен айналыстардың адамның көзіне көрініп те, көрінбей де тұрған тұстарын аңғара алған қасиет иесі. Көрініп тұрғанды ғана өлшем ететін деңгейден асып түскен ол табиғат пен адамның арасындағы энергетикалық алмасулар зат алмасу процесі сияқты үздіксіз процесс екендігін өзінің әрбір ісімен дәлелдеп отырған. Ол тіпті әрбір адам өзін ғаламдық процесске қатысушы элемент екендігін сезініп жүру керектігіне сілтеме жасаған ғұлама. Ғаламдық

процесске қатысу арқылы адам күллі ғаламдық айналыстың қалыпты дамуын қамтамасыз ететіндігіне көзі жетіп, әркім осы үдерістегі өз белсенділігін үнемі арттырып отыру қажеттігі туралы ой тастаған. Ал белсенділік үшін көрегендік пен зерделіліктің қажеттігін өз ісімен дәлелдеп отырды. Олай деуімізге ел ішіндегі мына әңгіме дәнекер болды: ұстазы лақтырған асаны бірінші боп тауып әкелуге басқа шәкірттер далаға таласа-тармаса жүгіргенде, Бекет бала отырған жерінен қозғалмай отыра береді. Ұстазының «сен неге іздеуге бармайсың?» дегеніне «Сіздің асаңыз олар ойлағандай жақын жерге түспеген шығар, оны іздеуге өзіңізден бата алып, жолға әбден дайындалып шығуым керек» деген жауабының астарында талай нәрсе жатыр. Осы сөзі арқылы Бекет өзінің кім екенін де, ұстазының кім екенін де жеткізіп тұр. Ал жүгіріп кеткендер, ұстаздың ондай қасиетін сезінуге өресі жетпегендер. Олар шынында да аса таяқты ауладан тауып аламыз деп ойлады. Бекет әулие болса, мұның жай лақтыру емес екендігін және Аса Таяқтың ерекше энергияны бойына сіңірген аса таяқ екендігін түсіне қойды, «тауып әкелгенге батамды берем» дегеніне қарағанда, оны табудың мүмкіндігі де кез-келгеннің маңдайына жазылмағандығын сезіне алды. Қасиетті нәрсені қасиеттілер ғана байқай алады.

Өйткені адам дегеніміз – супержүйе. Оның өзін өзі қуаттандыра алу, яғни, организмнің қайта күш алу мүмкіндігінің адамда таусылмас қоры бар екендігін тереңдеп түсіндіруде қазіргі ғылым біршама жетістіктерге жетті. Адамның міндеті – өзінің сол супержүйесімен жұмыс істей білу. Ал оның дәл сондай екендігін өз ісімен дәлелдеген адамның бірі – Бекет әулие.

Бекет әулиенің бойындағы қасиеттер туралы аңыз әңгімелердің әрқайсысының астарында шындықтың көмбесі жатыр деген ойдамыз. Шындықты аршып алу алдағы уақыттарда Бекеттану ғылымы болып, өрілсе деп те армандаймыз.



Байшағыр-Ақмешіт-Тобықты және Байшағыр-Оғланды-Бейнеу үшбұрыштары

В статье рассматривается личность Бекет ата как обладателя сакральной энергии и анализируются особенности месторасположения мечетей святого предка.

This article considers the personality of Beket Ata as the possessor of sacred energy, and it analyses the peculiarities of saint ancestor's mosques.

